

Жумагулова Айша Алгабековнаның 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақтілді медиакеңістіктің лингвоэкологиясы: теориялық-әдістемелік негіздері» диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Жумагулова Айша Алгабековнаның «Қазақтілді медиакеңістіктің лингвоэкологиясы: теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясының *көкейкестілігі* адам және медиакеңістік, медиакеңістік тілінің лингвоэкологиялық жай-күйі, оның қауіпсіздігі үшін саналы тұлға мен эмотивтік құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын зерттеумен байланысты анықталады. Бұл бағытта автор қазақтілді медиакеңістікті лингвосфераның маңызды бөлігі ретінде лингвоэкологиялық тұрғыдан кешенді талдау арқылы негізгі лингвоэкологиялық мәселелерді анықтау және сол мәселелерді шешу үшін білім алушылардың эмотивті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін ұсынуды мақсат етіп алған.

Іргелі теориялық-әдіснамалық база мен ауқымды эмпирикалық материалдар негізінде жүргізілген зерттеу жұмысында лингвоэкология сияқты жаңа пәнаралық бағыттың қалыптасуы мен дамуына, пәндік негіздемесінің айқындалуына, қазіргі қазақтілді медиакеңістіктің тұлға мен соцуим үшін экологиялығына, тілдік ортаның экологиялық жағдайын шешу үшін эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығына баса назар аударылады.

Жаһандану феномені, мәдениетаралық байланыстар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы қазіргі білім қоғамының негізі саналады. Әлеуметтік сала мен өмір сүру салтының үнемі өзгеруі, үздіксіз трансформациялануына байланысты бұл құбылыстар соған сай білім алу мен жаңа дағдыларды игерудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл тұрғыда лингвоэкология жас ұрпақтың тілдік ортаның лингвоэкологиялығын сақтау маңызын түсінудегі орнымен өзектеледі. Сондықтан зерттеудің көкейкестілігі отандық лингвоэкологияның дамуындағы маңыздылығымен дәйектеледі.

Ғылыми жұмыстың *нәтижелері* лингвоэкология, тіл мәдениеті, әлеуметтік лингвистика, прагмалингвистика, журналистика, т.б. салалардың теориялық мәселелерін дамытуға үлес қосады. Тіл мәдениетін, тілдік ортаның экологиялығын сақтау, саламатты коммуникация жасау, тілдік тұлғалардың лингвоэкологиялық білімін жетілдіру, білім алушылардың лингвоэкологиялық, эмотивтік құзыреттіліктерін қалыптастыру сияқты мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында лингвоэкологияны оқытуда, түрлі ғылыми курстар мен арнаулы семинарлар жүргізуде, оқу құралдарын жазуда пайдалануға болады.

Докторант зерттеу жұмысында қазіргі қазақ тіл білімі мен әлемдік тіл білімінің негізгі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарына сүйенеді. Лингвоэкологияның антропоэзектік парадигмадағы зерттелуін жан-жақты зерделеу барысында қазақстандық, ресейлік, шетелдік ғалымдардың соңғы еңбектеріне шолу жасайды.

Лингвоэкология саласындағы шетелдік ғалымдардың (Э. Хауген, А. Филл, П. Мюльхойзлер, А. Стибб, Т. Левассюр, А.В. Кравченко, А.П. Сквородников, В. Шаховский, Н.А. Курашкина, И.Н. Потеряхина, В.П. Коровушкин, Е.А. Сущенко, т.б.) іргелі зерттеулерін, сондай-ақ қазақ лингвоэкологиясын зерделеуге бағытталған (Н. Уәли, Ж.А. Жақыпов, Д.А. Әлкебаева, Г. Смағұлова, М.Б. Нұртазина, М.И. Кадеева, Ж.Б. Бектұрова, Н.С. Әміржанова, С.Ж. Үркінбаев, т.б.) ғалымдардың еңбектері зерттеудің ғылыми тұғырнамасы ретінде алынған.

Зерттеудің әдістемелік бөліміне қатысты тұжырымдарында П. Саловой, Дж. Майер, Д. Гоулман, Д.В. Люсин, И.Н. Андреева, В.Д. Шадриков, С.А. Рубинштейн, С.В. Чернышова, И.А. Зимняя, Н.В. Баграмова, Ж.Т. Дәулетбекова, Г.К. Айқынбаева, М.А. Ғалымжанова, Ш.Т. Таубаева, Б.А. Тұрғынбаева, т.б. зерттеушілердің теориялық еңбектеріне сүйенеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қорғауға ұсынылған негізгі 6 тұжырыммен және зерттеу міндеттерін орындауға бағытталған кезендік шешімдермен дәйектеледі. А.А. Жумагулова диссертациялық зерттеуінің мақсат-міндеттеріне сай мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- қазақ және әлемдік тіл біліміндегі лингвоэкологиялық зерттеулерге сүйене отырып, қазақ лингвоэкологиясының пәндік негіздемесін тұжырымдады;

- алғаш рет телеарналарға лингвоэкологиялық мониторинг жасап, қазақтілді медиакеңістіктің негізгі лингвоэкологиялық мәселелерін анықтады. Оларды «тіл-адам», «адам-адам», «тіл-тіл» модельдері аясында талдады;

- лингвоэкологиялық білім берудегі негізгі құзыреттіліктердің бірі эмотивтік құзыреттілік ұғымын ұсынып, оның құрылымы мен мазмұнын сипаттады;

- эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың 3 кезенді қамтитын технологиясын ұсынды.

Аталған нәтижелер зерттеудің түйіндері мен тұжырымдарының ғылыми дәйектілігін дәлелдейді, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғалатын диссертацияға қойылатын талаптардың деңгейіне сәйкестігін көрсетеді.

Кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұратын диссертацияның құрылымы мен мазмұны арасында жүйелілік, біртұтастық, бірізділік сақталған.

Докторанттың әрбір тарау, тарауша бойынша алған нәтижелері мен түйінделген тұжырымдарын теориялық және практикалық тұрғыдан негізделген деуге болады. Атап айтқанда, лингвоэкологияға қатысты ғалымдар еңбектеріндегі әртүрлі анықтамаларды, тұжырым-түсініктерді жан-жақты саралап, топтастырады. Осының нәтижесінде бүгінге дейін іргесі ажыратылмай келген лингвоэкология мен эколлингвистика, лингвоэкология мен тіл мәдениеті салаларының аражігін ажыратып, өзіндік шекараларын бекітеді. Медиакеңістіктегі негізгі лингвоэкологиялық мәселелердің шешілуін қамтамасыз ететін эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың өзектілігін анықтай келе, оның эмоционалдық интеллекттен басты айырмашылықтарын

анықтайды. Бұл ретте зерттеушілердің теориялық тұжырымдарына кешенді талдау жасап, өзіндік қорытындысын жасайды. Эмотивтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған арнайы оқыту технологиясын ұсынады. Медиакеністік ұғымына зерттеу аясында анықтама беріп, оның негізгі құрылымдарын анықтайды.

Зерттеудің қазіргі медиакеністіктің лингвоэкологиялық мәселелерін негізгі лингвотоксиндік элементтерді анықтау тұрғысынан кешенді талдаумен және түрлі зерттеу әдістерінің тоғысында жасалуымен ерекшеленетінін атап өту керек. Бұл өз кезегінде А.А. Жумагулованың медиакеністіктің лингвоэкологиялылығын зерттеудің көпкомпонентті моделін жасап шығуға мүмкіндік берді. Ұсынылып отырған модель медиакеністіктегі лингвоэкологиялық қауіптерді анықтау мен сипаттауға арналған тиімді құрал ретінде теориялық әрі практикалық маңызға ие. Сондықтан зерттеушінің бұл жетістігін оның жеке еңбегі ретінде көрсетуге толық негіз бар.

Диссертанттың ғылыми ұстанымдары нақтылығымен, айқындылығымен, дербестігімен ерекшеленеді. Алынған тұжырымдары сенімді әрі дәйекті.

Ізденуші ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында ізденімпаздық, шығармашылық, жауаптылық, ұтқырлық, табандылық сияқты негізгі тұлғалық қасиеттерін таныта білді. Лингвоэкологиялық мониторинг, мазмұндық талдау, интен-талдау, статистикалық талдау секілді зерттеу әдістерін меңгерді. Зерттеу барысында диссертант нақты «лингвоэкологиялық» ұстанымын қалыптастырды.

Қорыта келе, Жумагулова Айша Алғабековнаның 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақтілді медиакеністіктің лингвоэкологиясы: теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындаған диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған. Жумагулова Айша Алғабековна 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.


Ғылыми кеңесші:

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры,

филология ғылымдарының докторы



Г.О.Сыздықова

